

Павлодар қаласының №1 жалпы орта білім беру мектебі



Өзін-өзі тану пәні бойынша
жоба жұмысы

«Адамгершілік бастауы» 3 сынып

Адамгершілікті адам
жай-жай келеді,
Жан-жағын байқай келеді.

Жоба жетекшісі: Оспанова Куаткуль Бекмуратовна

Жоба мақсаты: Қазіргі заман талабы адамның адамгершілік, саналылық дәрежесі – оның бойындағы тәртібі мен іс-әрекетін анықтайтын адамгершілік қасиеттер табылса, әрине сонда ғана адам сымбатты, парасатты көрінеді.

Сондықтан АДАМГЕРШІЛІК – адамның асыл қасиет екенін әр баланың жүрегіне ұялату, жақсылық істер жасауға тәрбиелеу.



Адамгершілік бастауы неде?



Адамгершілік қасиет ең бірінші әр баланың отбасын сыйлаудан басталады. Әке-шешеге ешқашан дауыс көтеруге, сөз қайтаруға болмайды. Ата-анасын сыйламаған адам басқа біреуді сыйлап жетістірмейді. Ата-ананы ренжітпеу – әр баланың өмір бойғы міндеті. Үлкен адамдарға қоғамдық көліктерде орын беру, сұрақтарына дұрыс жауап беру қажет.

Адам тумысынан жамандыққа үйір емес. Жақсылық адам бойына сол бала кезде егіледі. Ол жылдар өте келе өніп шығады. Жақсылық өнімнің шыққаны немесе оны жамандықтың арам шөптері басып кеткені сонда ғана белгілі болады. Ізеттілік пен сыпайылық сияқты адамгершілік түрлері отбасынан басталады.





Жоба сатылары:

1 сатысы : «Қандай адам болғым келеді?»

2 сатысы : «Мен не істей аламын?»

3 сатысы: «Жобаның өтуі жайлы баяндау»

4 сатысы: «Жоба презентациясы»

5 сатысы: “Қорытынды”



Әлемге әйгілі ғалым Платон «Біз ұлт тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз» деген екен. Демек ұл - елдің қорғаны, қыз - болашақ ана. Адамның мәдениетті болмағы әдептен. Әдеп нормаларын білуге және сақтауға кез- келген адам талпынуы керек.

Бүгінгі заман адамы сегіз қырлы, бір сырлы болып өз өмірінің суретшісі болуы керек.

*«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң әрқалан
Сенде бір кірпіш дүниеге*

Кетігін тапта бар қалан» деп Абай атамыз айтқандай кішіге мейірімді, шыншыл, еңбексүйгіш, адамдық асыл қасиеттерге бай болсаң, өсе келе ата-анаңның, Отаныңның мақтанышы боласың.

Қазақта мынадай сөз тіркестері жиі кездеседі: Рухани адам. Адам рухы, рухани байлық, рухы жоғары. Осы тіркестерге мұқият зер сала отырып, «рух» деген нәрсенің адам денесіндегі бір қуат екендігіне көз жеткізуге болады.





Жоба жоспары

1-жартыжылдық

• 1-2 сатысы

- *Суреттермен жұмыс, адамгершілік туралы толық ақпарат жинау, акцияларын ұйымдастыру, оларға қатысу (сурет салу, фото, видео).*


2-жартыжылдық

• 3-4-5 сатысы

- *“Адамгершілікке апаратын жолдар” қоғам арасында бөлісу, насихаттау. Жасалған игі істердің нәтижесін баяндау, қорытындылау, презентация жасап қорғау.*




Үлкенге құрмет



Күтілетін нәтиже

Өмірлік жағдайларда адами қасиеттерді түсіну, оларды қолдана білу, кез келген жағдайда адамгершілік таныту қабілеттерін көрсете білуге тәрбиеленеді;

Тірі жандардың өмірлік мәселелеріне жанашырлықпен, адамгершілікпен қарап, оларды ерекше жолдармен шеше білу қабілеттері дамиды.



*Адамгершілік қасиет – жеке адамның
басындағы ғана емес, жалпы қоғамның
қордалы байлығы.*

*Адамдық борыш ар үшін,
Барша адамзат қамы үшін.
Серт берген еңбек етем деп,
Алдағы атар таң үшін.*





Назар
аударғандарыңызға
рахмет!

